

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Түркістан қаласы

26.12.2025 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент м.а А.Джумадуллаева, PhD, доцент Қ.Базарбаев, т.ғ.к., доцент Г.Жораева, PhD аға оқытушы Р.Хазретәліқызы, магистр оқытушы Д. Исраилова, Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектеп директоры Г.Исмайлова, №15 М.Жұмабаев атындағы мектеп гимназия директоры У.Бейсенбаев, докторант Ш.Нұрманова, білімгер Н.Ақрамова, кафедра ОПК.

Күн тәртібі:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу).
2. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды.

АК төрағасы Қ. Базарбаев күн тәртібімен таныстырып, қаралатын мәселелерге тоқталды. Ол қазіргі уақытта қолданыстағы 6B01625 – Тарих және қоғамтану (IP), 6B01615, 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламаларының жалпы мазмұны қазіргі заманғы білім беру талаптарына толық сәйкес келетінін атап өтті. Аталған бағдарламалар тарихи білім берудің негізгі әрі маңызды аспектілерін қамтитынын және осыған байланысты олардың қолданыста сақталатынын жеткізді. Сонымен қатар, алдағы кезеңде 6B01625 – Тарих және қоғамтану (IP), 6B01615, 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, әлемдік тарихтағы өзекті оқиғалар мен заманауи үрдістерді ескере отырып, оқу бағдарламаларына жаңартылған мазмұн мен жаңа тақырыптарды енгізу қажеттігін атап өтті. Мұндай жаңартулар білім алушылардың жаһандық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ қазіргі заманғы тарихи үдерістерді терең әрі кешенді түрде зерделеуіне мүмкіндік беретініне тоқталды. Осы тұрғыда жаһандану үдерістері мен әлемдік өзгерістерге қатысты тарихи білім аясын кеңейту қажеттігі ерекше атап өтілді. Бұдан бөлек, 7M01602 – Тарих (педагогикалық бағыт) ашу мәселесін көтеріп, аталған бағыт бойынша тиісті білім беру бағдарламасын әзірлеу қажеттігін ұсынды.

Кафедра меңгерушісі А.Джумадуллаева: Қазіргі қолданыстағы білім беру бағдарламаларының жалпы деңгейі оң бағаланды. Атап айтқанда, 6B01625 – Тарих және қоғамтану (IP), 6B01615, 6B02231 – Тарих білім беру бағдарламалары өз уақытында жан-жақты әзірленіп, тарихи білімнің негізгі бағыттарын толық қамтитыны атап өтілді.

Сонымен қатар, ғылым мен білім беру саласындағы қарқынды өзгерістерді ескере отырып, аталған бағдарламаларды заманауи жаңа бағыттармен толықтыру қажеттігіне назар аударылды. Бұл ретте қазіргі ғылыми әдістерді енгізу және жаһандық үдерістерге сәйкес бейімделу маңызды екендігі атап көрсетілді.

Тарих білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында ғылыми зерттеулердің рөліне ерекше мән беру қажеттілігі айтылды. Тарихты оқыту

үдерісінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында жаңа әдістемелер мен заманауи оқу құралдарын енгізудің маңыздылығы атап өтілді. Мұндай жаңартулар білім алушылардың тек теориялық білімін арттырып қана қоймай, нақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Осыған байланысты 7M01602 – Тарих (педагогикалық бағыт) магистратурасының білім беру бағдарламасын әзірлеп, оны тиісті тәртіппен реестрге тіркеу қажеттігілігін атап өтті.

ОӘК төрайымы Р.Хазретәліқызы: Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында бірнеше маңызды ұсыныстар айтты. Ол аталған білім беру бағдарламаларының қазіргі мазмұнының тиімділігін атап өтті, бірақ қазіргі заманғы талаптар мен ғылыми жетістіктерге сәйкес қажет болған жағдайда бағдарламалардың жаңартылуы қажеттігін де атап көрсетті. Оның айтуынша, алдағы уақытта қолданыстағы бағдарламаларға жаңа бағыттар мен әдіс-тәсілдер енгізу маңызды екендігіне тоқталды.

Сонымен қатар, педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттыру мақсатында 7M01602 – Тарих (педагогикалық бағыт) магистратура білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу қажеттігіне назар аударылды. Аталған бағдарлама тарих пәнін оқытудың заманауи әдістемелерін меңгерген, ғылыми-зерттеу дағдылары қалыптасқан және білім беру жүйесінің қазіргі талаптарына бейімделген білікті педагог-мамандарды даярлауға бағытталатыны атап өтілді.

АК мүшесі Г.Жораева: Қараша және желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Әрбір іс-шараның өткізілу сапасы мен орындалуы бойынша талдау жүргізілді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. Қараша айында басталған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділік байқалды, ал желтоқсан айына жоспарланған іс-шаралар сапалы түрде өткізілді, нәтижесінде АК мүшелерінің оң пікірлері алынды. Бұл іс-шаралар жоспарланған мақсаттарға жетіп, өзектілігін көрсетті.

Шешім:

1.ӘР ББ бойынша өзіндік бағлау жұмыстары жүргізіліп, ББ аудиттері бойынша шешімдер қабылдансын.

2.Қараша-желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы:

Хатшы:



Қ. Базарбаев

Д. Исрайлова